

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас директоры Йонг Вук Лидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 18 қазандағы N 253-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (бұдан әрі - ДДҰ) арасындағы ынтымақтастықты нығайту және 2003 жылғы 22-25 қазанда Астана және Алматы қалаларында ДДҰ-ның Бас директоры Йонг Вук Лидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2003 жылғы 22-25 қазанда Астана және Алматы қалаларында ДДҰ-ның Бас директоры Йонг Вук Лидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін;

сапарды өткізуге, соның ішінде қонақ үйде тұруға және Алматы - Астана - Алматы бағыты бойынша көліктік шығыстарға 2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 969 792 (тоғыз жүз алпыс тоғыз мың жеті жүз тоқсан екі) теңге сомасында қаржы қаражатын бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) қосымшаға сәйкес ДДҰ ресми делегациясының мүшелерін орналастыру және көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) ДДҰ ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

5. Астана және Алматы қалаларының әкімдері ДДҰ-ның ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу, Астана және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі сапарды дайындау мен өткізуге жәрдем көрсетуді және Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету жөніндегі Алматы конференциясының 25 жылдығына арналған Терапевттердің VI съезіне қатысуды қамтамасыз етсін.

7. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 18 қазандағы
N 253 өкіміне
қосымша

ДДҰ-ның ресми делегациясының мүшелерін орналастыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру іс-шаралары

1. ДДҰ ресми делегациясының мүшелерін (1+2+1) және бірге жүретін адамдарды Астана және Алматы қалаларында "Окан Интерконтиненталь-Астана" және "Риджент-Алматы" қонақ үйлерінде орналастыру және оларға көліктік қызмет көрсету.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Окан-Интерконтиненталь-Астана" және "Риджент-Алматы" қонақ үйлеріне орналастыру.
3. ДДҰ делегациясы үшін белгіленген тәртіппен кәдесыйлар мен сыйлықтар сатып алу.
4. Астана және Алматы қалаларының әуежайларында ДДҰ-ның ресми делегациясын қарсы алу мен шығарып салу рәсімдерін техникалық безендіру (VIP-залы, шай дастарханы).
5. Қазақстан Республикасы Президентінің Алматы қаласындағы Резиденциясында баспасөз конференциясын ұйымдастыру.
6. ДДҰ Бас директорының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысы И.Н. Тасмағамбетовпен кездесуін және Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету жөніндегі Алматы конференциясының 25 жылдығына арналған Терапевттердің VI съезіне қатысуын ұйымдастыру.
7. ДДҰ-ның Бас директоры құрметіне Астана қаласында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми қонақасы ұйымдастыру.
8. Ресми делегацияның мүшелері мен бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.